

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Орындаушы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " ____ " _____

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірістер мен шығындарды қорытынды бөлу туралы есеп (индекс - БУ-су-3) кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъект) көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістер мен шығындарды қорытынды бөлу туралы есебін жасауға және ұсынуға арналған. Субъектілер әрбір қызмет түрі бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүзеге асырады.

2. Құндық мәндегі барлық көрсеткіштер ондық таңбасыз мың теңгемен толтырылады.

3. Есепке субъектінің басшысы, бас бухгалтері және орындаушысы қол қояды. Есеп уәкілетті органның ведомствосына электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанды толтыру кезінде субъект сол жақ жоғарғы бұрышта кәсіпорынның атауын және оның мекенжайын, ал оң жақ жоғарғы бұрышта – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің тиісті қосымшасын көрсетеді.

5. Субъект мәліметтерді өткен күнтізбелік жылға толтырады.

6. 1-бағанда субъект ұсынатын қызметтердің түрлері бойынша кірістер мен шығындардың атауы туралы ақпарат келтіріледі.

7. 2-бағанда бухгалтерлік есеп бойынша тиісті кезеңдегі кірістер мен шығындардың жиынтық сомасы туралы деректер теңгемен келтіріледі (3-баған + 4-баған).

8. Қағидаларға 3-қосымшадағы кірістердің жиынтық сомасы тиісті кезең үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес субъект жасайтын қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептің "Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен кіріс" жолы бойынша көрсетілген деректерге сәйкес келеді.

9. Қағидаларға 3-қосымшадағы шығыстардың жиынтық сомасы кезең шығыстарын шегергенде субъект тиісті кезең үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес жасайтын қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептің "Өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құны" жолы бойынша көрсетілген деректерге сәйкес келеді.

10. Қағидаларға 3-қосымшадағы кезең шығыстарының жиынтық сомасы тиісті кезең үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес субъект жасайтын қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептің "Кезең шығыстары" жолында көрсетілген деректерге сәйкес келеді.

11. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің есептік (қалдық) құны тиісті күнгі бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес келеді.

12. 3-бағанда тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесіне, осы Қағидаларға сәйкес Тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына (бұдан әрі – тізбе) сәйкес тарифте ескерілмеген шығындар сомасы туралы деректер келтіріледі.

13. 4-бағанда Тізбеге сәйкес кірістер мен шығындар сомасы.

14. Бағандарда 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16 реттеліп көрсетілетін (сумен жабдықтау және (немесе) су бұру) және реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бөлінісінде тізбеге сәйкес шығындар сомасы туралы деректер келтіріледі.

15. 5-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметін бөлу коэффициенті туралы ақпарат келтіріледі.

16. 6-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметінің бекітілген тарифтік сметасы бойынша кірістер мен шығындар сомасы туралы деректер келтіріледі.

17. 7-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметінің нақты шығындары мен кірістері туралы деректер келтіріледі (4-баған – 5-баған).

18. 8-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметінің бекітілген тарифтік сметасы бойынша кірістер мен шығындар сомасына нақты шығындар мен кірістерден ауытқу туралы деректер келтіріледі (7-баған –6-баған).

19. 9-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметін бөлу коэффициенті туралы ақпарат келтіріледі.

20. 10-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметінің бекітілген тарифтік сметасы бойынша кірістер мен шығындар сомасы туралы деректер келтіріледі.

21. 11-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметінің нақты шығындары мен кірістері туралы деректер келтіріледі (4-баған – 9-баған).

22. 12-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметінің бекітілген тарифтік сметасы бойынша кірістер мен шығындар сомасына нақты шығындар мен кірістерден ауытқу туралы деректер келтіріледі (11-баған – 10-баған).

23. 13-бағанда реттеліп көрсетілмейтін қызметті бөлу коэффициенті туралы ақпарат келтіріледі.

24. 14-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілмейтін қызметінің нақты шығындары мен кірістері туралы деректер келтіріледі (4-баған – 13-баған).

25. 15-бағанда реттеліп көрсетілмейтін қызметті бөлу коэффициенті туралы ақпарат келтіріледі.

26. 16-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілмейтін қызметінің нақты шығындары мен кірістері туралы деректер келтіріледі (4-баған – 15-баған).